

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
65 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ІІ Ф. К. БОЙКО МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ІІ ЮБИЛЕЙНЫЕ ЧТЕНИЯ БОЙКО Ф. К.»,
ПОСВЯЩЁННАЯ 65-ЛЕТИЮ ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ТОМ 2

**ПАВЛОДАР
2025**

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ф 11

Редакция алқасының бас редакторы:
Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-ректордың м.а.

Жауапты редактор:
Крыкбаева М. С., Ғылыми-инновациялық HUB директоры

Редакция алқасының мүшелері:
Аубакирова С. С., Абишев К. К., Уахитов Ж. Ж., Елубай М. А., Жукенова Г. А.,
Испулов Н. А., Колесников Ю. Ю., Талипов О. М.

Жауапты хатшылар:
Бабашев С. М., Тулебаева Ж. А., Колесников Е. Н., Мусаханова С. Т.,
Исабекова Б. Б., Урузалинова М. Б., Жаябаева Р. Г., Ахметов Д. А.

Торайғыров университетінің 65 жылдығына арналған «П.Ф.К. БОЙКО
МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ОҚУЛАРЫ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары. – Павлодар : Торайғыров
университеті, 2025.

ISBN 978-601-345-593-4 (жалпы)
Т. 2. – 2025. – 356 б.
ISBN 978-601-345-591-4

«Бойко оқулары» – Павлодар индустриалды институтының ректоры, техника
ғылымдарының докторы, профессор, энергетик, академик Фёдор Константинович
Бойконы еске алуға арналған конференция. Торайғыров университетінің
65 жылдығына арналған «П.Ф.К. БОЙКО МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ОҚУЛАРЫ» атты
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының (28 ақпан, 2025 ж.) жинағында
келесі секциялар бойынша ұсынылған ғылыми мақалалар енгізілген: Электр
энергетикасындағы өзекті мәселелер және тұрақты даму; Жылуэнергетикасының
заманауи мәселелері және жаңартылатын энергия көздері; Автоматтандыру,
робототехника және телекоммуникациядағы инновациялық шешімдер; Құрылыстағы
және агроөнеркәсіптік кешендегі энергия тиімді технологиялар мен инновациялар;
Заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялар; Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің
өзекті мәселелері және кәсіпорындардағы қоршаған ортаны қорғау; Қазіргі
әлеуметтік гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері; Энергетикалық кешеннің
экономикалық тұрақтылығы;

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-591-4 (Т. 2)
ISBN 978-601-345-593-4 (жалпы)

© Торайғыров университеті, 2025

Секция 5
Заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялар
Современные информационно-коммуникационные
технологии

КАРТОГРАФИЧЕСКАЯ НАГЛЯДНОСТЬ КАК ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ВОСПРИЯТИЯ И КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ НА УРОКАХ ИСТОРИИ И ГЕОГРАФИИ ПОСРЕДСТВОМ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

АЛИМБАЕВ М. К.
студент, Аксуский колледж черной металлургии, г. Аксу
БИГАЛИНОВА А. Т.
преподаватель истории и географии,
Аксуский колледж черной металлургии, г. Аксу

История и география развивались рука об руку, поэтому роль
междисциплинарного подхода имеет место на уроках истории и
географии.

Будучи студентами колледжа нам необходимо ориентироваться
на исследовательскую деятельность, путем объяснения некоторых
исторических явлений в географии и уточнения географических
наблюдений путем привлечения исторических данных.

Значительное место в преподавании географии и истории
занимает работа с географическими картами. Атласы и карты –
это «сердце» предмета географии. Кроме того, на уроках истории
также имеется большая потребность в исторических картах.
Работа с картами заменяет непосредственное изучение территорий
на поверхности Земли, помогает воссоздать образ изучаемых
территорий с их основными характерными чертами. При этом
развивается их пространственное, географическое мышление.
Анализируя содержание карт и сопоставляя их, используются
и развиваются приемы логического речевого и пространственного
образного мышления.

Картографическая наглядность играет ключевую роль в
восприятии и усвоении информации на уроках истории и географии,
так как карты позволяют визуализировать пространственные данные
и связи между различными объектами. Это помогает учащимся
лучше понять географическое расположение стран, природные

fourth, it is evident that the successful implementation of teaching activities is closely linked to the teacher's developed social intelligence. This is of significant importance not only for the improvement of professional-pedagogical education in Kazakhstan but also for educational science as a whole.

REFERENCES

- 1 Sarayeva, N.M., Makarova N.A. Psychological and pedagogical conditions for the formation of social intelligence of teachers. Scientific notes of ZabSU. 2013. 5(52) , p. 127-133;
- 2 Kudinov, S.I., Krupnov A.I. Systemic model of self-realization of personality//Bulletin of Peoples' Friendship University of Russia. Series "Psychology and Pedagogy". — 2008. — No. 1. — p. 28—37.
- 3 Kirichenko, A. M. Features of self-realization of a teacher in the context of a transforming Russian society: thesis of a candidate of ped. sciences. M. p. 165.
- 4 Markova, A. K. Psychological Criteria and Stages of Teacher Professionalism//Pedagogy. - 1995. — No. 6. — pp. 41-48.
- 5 Social Intelligence: Theories, Measurements, Research/edited by D.V. Lusin, D.V. Ushakov. – Moscow: Publishing House «Institute of Psychology RAN», 2004. – p. 176 .

БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

КСЕМБАЕВА С. К.

п.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТЕМИРХАН С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі мектептерде оқытудың интерактивті әдістері белсенді түрде қолданылады. Мұндай әдістерді қолдану қазіргі қоғамның талаптарымен байланысты, өйткені бұл әдістер мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін белсендіреді және оқу процесінің өзіне деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Осы мақаланың тақырыбы педагогикалық ғылымның өзекті мәселеге жатады, себебі бастауыш сыныпта оқушыларының ғылымға деген негіздері қаланады, өмірдің жан-жақты қызықты процестермен танысу, олардың жіктелімін дұрыс жасау, қоршаған ортаны дұрыс

қабылдау және ол туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін интерактивті оқыту әдістері болып табылады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» актіінде [1] былай жазылған: «бастауыш білім берудің мақсаты кең ауқымда келесі дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру болып табылады». Осы бап білімді функционалды және шығармашылық қолдануды, сыни тұрғыдан ойлауды терең пайдалануды қарастырады. Сондай-ақ бастауыш білім беру мазмұны оқытудың нәтижелеріне бағытталғаны және қазіргі қоғамның динамикалық талаптарын, сыни, шығармашылық және позитивті ойлауды дамытуды ескере отырып айқындалатыны айтылған.

Педагогикада интерактивті оқыту мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен, білім беру ортасымен тұрақты әрекеттесуін қамтитын оқыту деп аталады. Негізінде, интерактивті оқытуда өзара ақпарат алмасу жүзеге асады, оқу процесіне әртүрлі қатысушылардың іс-әрекеттері бір-біріне әсер етеді.

Ғылыми тұрғыдан да интерактивті оқыту әдістері зерттелген, мәселен, Ш. Таубаева мен И. Мақсұтованың еңбектерінде замануи психологиялық және педагогикалық зерттеулерге талдау жасалынып, қазіргі оқыту әдістері қарастырылған.

Олардың «Дидактикадағы инновация» тақырыпты оқулықтарының 133 - 144 беттерінде түрлі педагогикалық технологияларды іске асыру жолдары көрсетілген [2]. Осы педагогикалық технологияларды мектепте жүзеге асыру жолдары, ол әрине, интерактивті оқыту әдістері. Басқа да ғалымдардың еңбектеріне назар аударатын болсақ, онда Мурзалинова А.Ж., [3] Можаева О.И., Шилибекова А.С. [4], Бердибекова Д.К. [5] сияқты қазақстандық зерттеушілерді атауға болады.

Сонымен қатар, шетел ғалымдар да осы мәселеге назар аударғаны белгілі, мысалы, Шунк Дейл Х. Осы ғалымның «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі» тақырыпты еңбегі қазақ тіліне аударылып, 2019 жылы басылып шығарылған [6]. Бұл еңбекте оқытудың мәні мен мазмұны қарастырылған, ғалымның пікірі бойынша, оқушылар өздерінің не оқып жатқанын қызығып жүрмесе, өздерін дұрыс бағалай алмаса, онда оқудың нәтижесі болмайды, деген қорытынды жазылған. Автор тиімді оқыту ортасын жасаудың

жолдарының бірі, ол сабақтың үстінде интерактивті оқыту әдістерін қолдану деген пікірді білдірген.

Бастауыш сыныптарда түрлі интерактивті оқыту әдістерін қолдануға болады, ең эффективті әдістерін таңдау үшін, замануи мектептерде бар әдістерді қарастырып көрейік. Бір қатар ғалымдар замануи әдістерді зерттеген екен, мысалы Г. К. Селевко [7], А. К. Мынбаева, З.М. Садвакасова[8] келесі әдістерді ұсынған: талқылау – студенттер өз көзқарастарын дәлелдейтін мәселелерді талқылау; дебат – берілген тақырып бойынша ұйымдастырылған пікірталас; миға шабуыл – топта идея тудыру; рөлдік ойын – студенттер белгілі рөлдерді ойнайтын жағдайларды модельдеу; кейс әдісі (ситуациялық талдау) – нақты немесе жалған жағдайларды талдау және шешу жолдарын іздеу; жобалық оқыту – ұзақ мерзімді шығармашылық немесе зерттеу тапсырмаларын орындау; шағын топтардағы жұмыс – тапсырмаларды ұжымдық орындау, содан кейін нәтижелерді көрсету; «Аквариум» әдісі – бір топ сұрақты дауыстап талқылайды, қалғандары бақылайды, талдайды; флешмоб әдісі – студенттерді ұжымдық іс-әрекетке белсенді түрде тарту, мысалы, бейнероликтер немесе спектакльдер жасау.

Бұл қатарды әлде де жалғастыруға болады, бастауыш сыныпта сабақта интерактивті оқыту әдістерін қолдану себептері анық, олар арқылы сабақтың үстінде берілетін материалды қолжетімді, қызықты, жарқын және қиялды түрде оқытуға мүмкіндік береді, жақсы оқуға ықпал етеді, білімге деген қызығушылықты оятады, коммуникативті, тұлғалық, әлеуметтік және интеллектуалдық құзыреттілікті дамытады.

Сонымен қатар, интерактивті әдістер бастауыш сынып оқушылардың ынтасын арттырудың және олардың оқу үлгерімін арттырудың тиімді әдісі болып табылады. Дұрыс пайдаланған кезде олар оқу процесін қызықты және тартымды ете алады, бұл өз кезегінде балаларға материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектеседі.

Ерекше интерактивті әдістердің бірі, ол Montessori Elementary. Психологтардың нақтылауы бойынша, бастауыш сынып жасында балалардың өмірге деген қызықшулығы артады, интеллектуалдық ойын, тапсырмалар оларға өте қызық көрнеді. Осы жастағы балалар жер планетасын, мәдениеттерді, тілдерді, ғылыми концепцияларды және ұлы әдебиеттерді зерттеуге қызығушылық танытады.

Сол себептен Montessori әдісі бастауыш сынып оқушыларына әлемді тануға үлкен мүмкіндік береді. Сыныпта практикалық өмір,

тіл, математика, ботаника, зоология, география және тарих, баланы әр саладағы негізгі ұғымдарды абстракциялауға жетелейтін сәйкес материалдармен бірге бір неше ерекше орындар жеке жасалған.

Практикалық өмір дегеніміз, ол мысалы, сыныптағы гүл, басқа да өсімдіктер, аквариумдағы балықтар, болса, басқа да түрлі жануарларларға күнделік қызмет көрсету, яғни уақытында суару, немесе тамақтандыру, суын ауыстыру сияқты жұмыстар. Сонымен қатар, бөлмені таза ұстау, және уақтылы желдету жұмыстарына үйрену.

Тілдік салаға кешенде сөздерді зерттеу, шығармашылық жазу және зерттеу. Бұл жерде балалар поэзиямен, халық ертегілерімен, ғылыми-көпшілік және классикалық әдебиеттермен таныстырылады.

Математика бұрышында балалар қарапайым математикалық ұғымдармен танысады. Балалар сынақ пен қателік арқылы, өзін-өзі тану процесі арқылы және басқа балалардан үйренеді. Материалдар балаларға есептерді шешу, бөлшектер, ойша қайта топтау, графиктер, өлшемдер, ұзындықтарды бөлу және алгебралық теңдеулер сияқты дерексіз математикалық ұғымдарды тез түсінуге көмектеседі.

Биология бұрышында көптеген өсімдіктер мен жануарлардың сипаттамалары және кестелер флора мен фаунаны жіктеуге үйренеді. Алғашқы білімді алғаннан кейін балалар өсімдіктер мен жануарлардың жеке түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, өз бетінше зерттеу жұмыстарын бастайды.

География және тарих бұрышында әлемдегі елдер туралы жаңа білім алады, әр континент ағаштан жасалған пазл карталары арқылы зерттеледі; балалар әр мемлекеттің атауларын, жалауларын, жануарларын, мәдениетін және географиялық ерекшеліктерін біледі.

Бастауыш сынып оқушылары өз жұмыстарын қадағалай бастайды, және де бұл жұмысты дұрыс жүргізуге үйренеді. Зерттей келе, біз осы интерактивті әдістің көп деген жағымды жақтарын нақтыладық, яғни оқу процесте пайдаланудың жолдарын қарастырғанымыз жөн.

Бастауыш сынып мұғалімінің міндеті – балаға ғаламдағы өзара тәуелділіктерді ашу үшін материалдар мен ақпарат беру. Бастауыш сыныптарда осы әдісті пайдалану өте пайдалы, себебі, Montessori арқылы оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес, ыңғайлы ортада зерттеу жасауға үйренеді. Қорытындылай келе, бастауыш

мектепте интерактивті оқыту әдістерін қолдану өте өзекті мәселе болып табылады. Бастауыш сынып мұғалімдеріне интерактивті әдістерді оқушылармен жұмыс істеуде жиірек және кеңінен қолдануды ұсынуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

2 Таубаева Ш.Т., Мақсұтова И.О. Дидактикадағы инновация. Оқу құралы. – Алматы; Карасай, 2020. -368б.

3 Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления. –дисс. Д.п.н., 2003 – 398с.

4 Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық / «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ / О.И. Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиединованың редакциясымен. – Астана, 2016.

5 Бердибекова Д.К. Мұғалімнің көшбасшылық қасиеттері: бағыттары және қалыптастыру жолдары. Әдістемелік құрал. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. -124б.

6 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 608 б.

7 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии Учебное пособие. М.: Народное образование, 1998. 256 с.

8 Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать: учебное пособие / А.К. Мынбаева, З.М. Садваксова. – 11-е изд. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 462 с.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУ

МУКАНОВА А. О.

оқытушы, Шағалалы ауылы, Жоғары Агротехникалық колледжі МКҚК
АМАНҚҰЛ А. С.

студент, Шағалалы ауылы, Жоғары Агротехникалық колледжі МКҚК

Глобализация мен халықаралық интеграция жағдайында ағылшын тілі адам әрекетінің өртүрлі салаларында, соның ішінде техникалық кеңес беру және электр жабдықтарын жөндеу салаларында негізгі байланыс құралына айналды. Халықаралық компаниялардың санының артуы мен технологиялардың дамуы нәтижесінде электротехника саласындағы мамандар үшін құжаттамамен жұмыс істеу, кеңес беру және жабдықты жөндеуде жоғары сапаны қамтамасыз ету үшін ағылшын тілін білу маңызды болды. [4, с. 32]

Белгілі лингвист және техникалық аударма саласының маманы Дж. Х. Ланкастердің айтуынша, «ағылшын тілі халықаралық деңгейде техникалық білімдермен алмасудың әмбебап құралына айналды» [8, с. 22]. Бұл пікір көптеген мамандардың техникалық ағылшын тілін меңгеруге деген сұранысының өсуімен және олардың тілдік дағдыларын жетілдіруге арналған білім беру бағдарламаларының дамытылуымен расталады.

Бұл зерттеудің мақсаты – ағылшын тілінің техникалық кеңес беру мен электр жабдықтарын жөндеудегі қолданылуын талдау, сондай-ақ осы саладағы ағылшын тілін пайдалану сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстарды ұсыну.

Ағылшын тілінің техникалық кеңес беру саласындағы теориялық негіздері

Ағылшын тілі халықаралық техникалық коммуникацияда басты рөл атқарады. В. А. Шмидттің айтуынша, «техникалық ағылшын тілі инженерлер арасындағы ақпарат алмасудың бірыңғай жүйесін құрудың маңызды құралы болып табылады» [1, с. 42] Ол құжаттамада, пайдаланушы нұсқауларында, сызбаларда, сондай-ақ техникалық кеңес беру мен электр жабдықтарын жөндеуде қолданылады. Сонымен қатар, техникалық ағылшын тілінің өзіне тән ерекшеліктері бар, ол арнайы терминология мен форматтарды қамтиды, бұл оны қарапайым тілден ажыратады.

1. Ағылшын тілінің техникалық құжаттамадағы рөлі